



Қамқоршылық кеңес отырысында бекітілген

**«Бұлақтыкөл орта мектебі» КММ жанынан құрылған Қамқоршылық кеңесінің  
2020-2021 оқу жылындағы жоспары**

№	Орындалу мерзімі	Іс-шаралар мазмұны
1	Қыркүйек-қазан	Жаңа оқу жылына арналған қамқоршылық кеңесінің жоспарын құру, бекітуге ұсыну - мектепшілік жалпы ата-аналар жиналысы - мектепке жол акциясы барысында аз қамтылған, көпбалалы отбасыларына көмек көрсету
2	Қараша-желтоқсан	ҚР Тәуелсіздік күніне орай ұйымдастырылатын іс-шараларға қатысу - жаңа жылдық меркенің ұйымдастырылуына және өткізілуіне қатысу
3	Қаңтар-ақпан	Оқушылардың бос уақытының ұйымдастырылуына қадағалау «Қамқорлық» қайырымдылық акциясын өткізуге ат салысу
4	Наурыз-сәуір	Наурыз мерекелерін ұйымдастыруға көмектесу Мектеп алаңын абаттандыру жұмыстары
5	мамыр	Ұйымдастырылатын мерекелік шараларға қатысу Оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыруға ат салысу
6	Жыл бойы	Қамқоршылық кеңестің отырыс - ата-аналар жиналысы - бракераждық комиссиямен бірлескен түрде мектеп асханасының тағамдарының сапасын тексеруге қатысу - мектепшілік дәстүрлі мерекелік іс-шараларды, спорттық іс-шараларды ұйымдастыруда көмек көрсету

### Хаттама № 3.

2020 жылдың қазан айының 21-жұлдызында Бұлақтыкөл орта мектебі жанынан құрылған Қамқоршылық кеңесінің жиналысы болып өтті.

Жиналысқа қатысуға тиіс мүшелер: 9

Қатысқаны: 9 мүше және (Білім беру ұйымының басшысы) Бұлақтыкөл орта мектебінің директоры – О.Атангарин

#### **Күн тәртібінде қаралатын мәселе:**

1. Мектеп оқушыларының отбасы жағдайлары, әлеуметтік жағдайлары туралы мәлімет беру.
2. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алу шаралары.
3. Қамқоршылық акциясының қорытындысы.

#### **Тыңдалды:**

1. Бұлақтыкөл орта мектебінің директоры – Атангарин О Биылғы оқу жылын 83 оқушымен бастадық. Оқу жылының басынан бастап, яғни қыркүйек айының басынан тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілетін оқушылардың тізімін құру мақсатында мектеп оқушыларының отбасыларының әлеуметтік жағдайлары зерттелді. Нәтижесінде аз қамтылған отбасы, жартылай жетім, көп балалы және атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасылар анықталып, олардың арыздарын қабылдау, жоспар бойынша жүзеге асты. Мектепішілік комиссияның шешімімен, өтініш тапсырған отбасыларының әлеуметтік жағдайларын ескере келе 26 оқушы тегін тамақтандырумен қамтамасыз етілетін білім алушылар қатарына алынды. Қазіргі пандемия жағдайында, санитарлық жағдайлардың сай келмеуі ескеріліп мектептерде ыстық тамақ беру тоқтатылды. Ыстық тамақ орнына аталған 26 оқушыға оқу құралдары, сөмке, спорттық киім, крассовка алынып берілді.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша да айта кетті. - Өздеріңіз күнде бұқаралық ақпарат құралдарынан, әлеуметтік желілерден көріп жүрген, мектеп жасындағы балалардың қатысуымен болып жатқан түрлі қылмыстар, құқық бұзушылықтар қоғамға кері әсерін тигізіп отыр. Сондай жәйттердің біздің балаларымыздың санасына да кері ой салуы мүмкін. Сондықтан ол көріністердің түбі өз бастарына зиян болып тиетінін, заң алдында жауап беретінін айтып, ондай жағдайлардан аулақ жүрулерін ескертіп отырыңыздар. Мектепте құқық бұзушылықтың алдын алуға байланысты түрлі жұмыстар жүргізілуде. Ақпараттық түсіндіру, кеңес беру, бос уақыттарын тиімді өткізу, тіпті оқушылардың түнгі мезгілде көшеде жүрмеулері үшін де кезекшілік қойылып, сол кестеге сай мұғалімдер оқушылардың көшеде себепсіз жүрмеулерін қадағалайды. Енді, сіздерде ата-аналарға ескерте жүріңіздер- деп тапсырды.

2. Дүйсенбина Шынар (кеңес төрайымы)

Бұлақтыкөл орта мектебінде атқарылған жұмыстар, өткізіліп жатырған іс-шаралардың барлығымен таныспын. Себебі, атқарылып жатырған шаруалардың барлығының басы-қасында болдым десем болады. Ал енді қамқоршылық кеңесінде

атқарылған жұмыстарға келер болсам, осы кеңестің ұйымдастыруымен биылғы оқу жылының басында, мектеп мұғалімдері «Қамқорлық акциясы» аясында мектептегі жағдайы нашар отбасылардың 3 баласын күзгі – қысқы киімдермен қамтамасыз етті.

3. Нұрманова Айнагүл (кәсіпкер).

Биылғы оқу жылында жүргізген мектеп жұмысын жақсы деп бағалаймын. Кейбір шаруаларға өзімізбен ақылдаса отырып, шешім қабылдадыңыздар. Олар жадымызда, әрдайым бірлесе жұмыс жасай берейік. Жағдайы төмен отбасының балаларына қолдау көрсетіп, киім алып беріп отырған мектеп ұжымына, мұғалімдерге өзімнің атымнан, осы кеңес мүшелері атынан рахмет айтамын! Кәмелет жасына толмаған балалардың құқық бұзушылыққа бармауларын қадағалап, үнемі жұмыстанып отырсыңыздар, ол туралы жасап отырған жұмыстарыңызда көңілге қонымды.

4. Алманбаев Ерсейт (ата-ана)

Атқарылған жұмыстарыңның есебін тыңдадық, «жақсы» деп бағалаймын. Екінші мәселе жөнінде айтарым: жер-жерде әртүрлі оқиғалар болып жатыр, оны күнделікті бұқаралық ақпарат құралдарынан естіп-көріп отырмыз. Ондай келеңсіз жәйттерге тап болмас үшін алдын алу шаралары жүргізіліп отыруы керек. Ата-аналарға айтарым балаларға ұялы телефон ұстатпауымыз керек. Ұстатсақта ол не үшін ұстайды, кіммен сөйлеседі, не көреді, қандай әлеуметтік желіні қолданады соның бәрін қадағалап отыруымыз қажет. Ол үнемі назарда болуы керек.

5. Төлешова Жанна (кеңес мүшесі)

Мектепте атқарылған жұмыстарыңызды баян еттіңіз, мен таныспын, себебі, мен мектеппен тығыз байланыстамын десемде болады. Шаршаманыңыздар ел мүддесі үшін, ел баласы үшін атқарып отырған жұмыстарыңызға сәттілік тілеймін және рахмет айтамын. Алда да атқарылар шараларға, шаруаларға ақыл-кеңесімізді, көмегімізді аямаймыз, осы қамқоршылық кеңесі мүшелері де сіздермен бірге...

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері күн тәртібіндегі мәселелерді талдай келе қаулы етеді:

1. Мектеп оқушыларының әлеуметтік жағдайы үнемі назарда ұсталып, тиісті әлеуметтік көмектер уақытында берілсін
2. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың және қылмыстың алдын алу шаралары үнемі жолға қойылып, назарда ұсталсын.
3. Қамқоршылық акциясының қорытындысы еске алынсын.

Қамқоршылық кеңесі төрайымы: Дүйсенбина Ш.

Хатшысы: Құлбекова Г.

Мүшелері: Сисенгалиева Р.

Нұрманова А.


Төлешова Ж.

Озғанова З.

Жолин М.

Қыстаубаев Ә.

Алманбаев Е.



«Бұлақтыкөл орта мектебі» КММ  
2020-2021 оқу жылындағы қамқоршылық кеңесі мүшелерінің құрамы

№	Аты - жөні	Жұмыс орны	Телефон нөмері	Қамқоршылық кеңесіндегі қызметі
1	Дүйсенбина Шынар Бекболатқызы	Клуб меңгерушісі	87058193845	Кеңес төрайымы
2	Құлбекова Гауһар Әбілқәрімқызы		87054766286	Кеңес хатшысы
3	Сисенғалиева Роза Бактановна	Жеке кәсіп иесі	87778009621	Кеңес мүшесі
4	Нұрманова Айнагүл	Жеке кәсіп иесі	87776614606	Кеңес мүшесі
5	Төлешова Жанна	Жеке кәсіп иесі	87055377699	Кеңес мүшесі
6	Озғанова Зәуреш	Жеке қожалық басшысы	87052885754	Кеңес мүшесі
7	Жолин Манарбек Жамалұлы	Мектеп директорының шаруашылық жөніндегі орынбасары	87021090062	Кеңес мүшесі
8	Қыстаубаев Әлімбек Қыстаубайұлы	Жұмыссыз	87711851275	Кеңес мүшесі
9	Алманбаев Ерсейт Серікұлы	Көлік жүргізуші	87771126544	Кеңес мүшесі

Мектеп директоры:  О.Атангарин